



«Жаңа жыл» мерекесіне арналған ертеңгілік

Ортаңғы «Жұлдыз» тобы

**Сабақтың тақырыбы: «Қызыл телпектің
жаңа жылға саяхаты!»**

Тәрбиеші: Сариева Жанар

2021ж

«Қызыл телпектің жаңа жылға саяхаты»

(Музыка әуенімен қатарласа, балалар кіреді. Шыршаны бір-екі айналып, орындарына отырады.)

(Залда жарық өшіп қалады, Жарқыраған шамы бар Фея келеді. Ол өзінің сиқырлы таяғымен шырша жарығын жандырады. Залда свет жанады.)

Фея:Сәлеметсіздерме, балапандар. Мен сиқыршы феямын. Мен сендермен жаңа жылды қарсы алуға келдім. Шырша тойын бірге тойлаймыз. Қазір мен өзімнің жақсы көретін тамаша ертегімді айтып беремін. Ал сендер жақсылап тыңдап, қарап отырыңдар.

Фея:« Баяғы бір заманда бір қыз болыпты.Ол үнемі басына қызыл түсті телпек киіп жүреді екен. Сол себепті ол қызды барлығы Қызыл телпек деп атап кетіпті. Бір күні қызыл телпекті анасы. «Айлин» балабақшасына Жаңа Жыл мерекесіне жібереді.

Анасы:Қызым сен бүгін «Айлин» балабақшасына барып қайт. Ол жақта балалар Жаңа Жыл мерекесін қарсы алып жатыр.

Қызылтелпек:Жарайды анашым, мен өзімнің достарыммен бірге барсам боладыма?

Анасы:Әринеболады. Бірақ орманнан өткенде байқап жүр.

(Қызыл телпек ұялы телефонмен ормандағы достарына қоңырау соғады.)

Қызыл телпек:Алло, Қоян сәлем. Мен Қызыл телпекпін. Сен ормандасың ба. Сол жақта бол мен қазір келемін. Барғансоң айтамын

Фея:Сөйтіп, Қызыл телпек жолға шығады.

Фея: Ал енді біздің сүйкімді қыздарымыздың«Қар ұшқындары» биін тамашалаңыздар

(Жолда қызыл телпектің алдынан қоян шығады)

Қызыл телпек: Қоян, сәлем, жүр менімен балабақшаға қонаққа барайық.

Қоян: Ой жақсы болды. Жүр кеттік. Жолда аю мен түлкіні де ерте кетейік.

Түлкі: Қызыл телпек келгендерің жақсы болды ғой.

Қызыл телпек: — Барлықтарың мені мен бірге балабақшаға жүріңдер. Сол жақта Жаңа жылды тойлаймыз. Аязата да келеді.

(Барлығы қуана Қызыл телпекпен балабақшаға жолға шығады, Алдарынан, аяқ астынан Мыстан кемпір шыға келеді. Барлығы қорқып қызыл телпектің артына тығылады. Қоянды ғана Мыстан кемпір ұстап үлгереді)

Мыстан кемпір: Ия, барлықтарың жиналып қайда бара жатсыңдар?

Қызылтелпек: Айтпаймыз.

Мыстан кемпір: Айтпасандар, мен қоянды тасқа айналдырып жіберемін.

Қызыл телпек: (достарына сыбырлап айтады) Мен қазір «қаштық» деген де, менімен бірге жүгіре жөнеліңдер.

Қызылтелпек: Жарайды, қоянды босатыңыз.

Қызылтелпек: Қашыңдар.

(Мыстан қоянды босатады. Барлығы мыстаннан қашып кетеді. Ол ашуланғанда жарық өшіп –жанып тұрады.)

Фея: Балалар, Мыстан кемпір жаңа жылдық кешке қысқа жолмен кетеді. Ал, Қызыл телпек достарымен бірге ұзақ жолмен жүрсе де, балабақшаға Мыстан кемпірден бұрын келіп жетеді.

Қызылтелпек: Ой, достар, мына үлкен шыршаға қараңдар.

(Барлығы шыршаға таңырқап қалады.)

Қоян:Ой, Қызыл телпек Мына жерде өте көп балалар отыр.

Аю:Өздері қандай әдемі киімдер киіп алыпты.

Қызыл телпек:Сәлеметсіңдерме, балалар, Жаңа жылды қарсы алуға келдік.

Фея:Қош келдіңдер қызыл телпек және орман тұрғындары. Бізкелген қонақтарға әрқашанда қуанамыз. Төрлетіңіздер.

ҚызылТелпек:Рахмет, балалар. Достарым көрдіндерме бұл жерге қазір Аяз атада келеді.

Фея:Дұрыс айтасыңдар. Бірақ, Аяз атамен ақшақар келмей жатыр. Бізге Аяз ата мен Ақшақарды шақыруға көмектесіңдер.

(Барлығы бірігіп Аяз ата мен Ақшақарды шақырады. Залға музыка әуенімен Аяз ата келеді)

Аязата:

Ау, амансың ба ұлдарым!

Амансың ба,қыздарым!

Қандай жарқын жүздерің,

Қандай әсем жырларың.

Асаулармен жарысқан,

Асау желмен жарысқан,

Аталарың сендерге

Шаршап келді алыстан.

Фея:

Ақтаяғынтаянып,

Таңменбіргеоянып,

Аязатакеліптұр,

Ақкүпігеоянып.

Көрдіңбеаязатаны,

Аппақекенсақалы,

Аппақекеншапаны,

Аппақекенмұрты да.

(Балалар Аязата мен амандасады.)

Қызыл телпек: Аяз ата, Ал Ақшақар біздің мерекеге келмейдіме?

Аяз Ата: Балалар, Ақшақар екеуіміз сендерге арналған сыйлықтарымызды орман ішімен алып келе жатыр едік. Алдымыздан қатты ашуланған мыстан кемпір шықты да, амандасып үлгерген жоқпын, ол сыйлық тұрған шананы ұрлады да кетті. Сол сыйлықтарды Ақшақар іздеуге кетіпеді. Келетін уақыты да болып қалды.

(Залға Ақшақар, сыйлықтар салынған шананы сүйретіп келеді)

Ақшақар: Сәлеметсіздерме, Менің кішкентай достарым, орман тұрғындары, келген қонақтар.

Аяз ата: Ақшақар қызым келдіңбе? Сыйлықтарды тауыпалдың ба?

Ақшақар: Ия, ата, сыйлықтарды таптым. Бірақ, Мыстан кемпір менен қашып кетті.

Фея: Ал, балалар, Қызылтелпек, орманнан келген достар, Аяз атамыз бен Ақшақарымыз да келді, сыйлықтарда орнында. Олай болса Жаңа жылды қарсы алу мерекемізді, шырша тойын бір әсем әнмен бастасақ.

Ән: «Шыршаға бардық.»

(Барлығы қол ұстаса, шыршаны айнала ән айтады)

Ақшақар:

Ал, келіңдер, келіңдер,
Тақпақ айтып беріңдер,
Жомарт Аяз атадан,
Сыйлық алып көріңдер.

Өлең, тақпақтар:

1.Бастарбек Амина.

Жап-жасыл шыршамыз
Қандай тамаша
Басында жұлдызы
Қонады жараса.

2.Айзере.

Ойнаймыз тойлаймыз,
Біздің бақшада
Ойыншықтар көп екен
Әсем шыршада.

3.Ален.

Тамаша-тамаша
Аяз ата келді
Әнімізге қосылып
Бізге сыйлық берді.

4.Берік Амира.

Тамаша-тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды жараса.

5.Берік Амина.

Кел балалар келіңдер

Тамашаны көріңдер.

6.Балсезім.

Жаңа-жыл,жаңа-жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жаныңда

Жадырап бар бала жүр.

7.Салтанат.

Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне сұлу шыршамыз

Көптеп күтіп сағынған .

8.Б.Омар.

Жаңа-жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле-торле жаңа-жыл
Бізге құтты жыл болсын.

9. А.Амина.

Далада қар борайды
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады
Жып-жылтыр боп жатады.

10.И.Бексұлтан.

Ақ қырауға малынған
Сақалы да мұрты да
Аяз ата сағынған
Сәлем берді жұртына.

11.П.Бексұлтан.

Жаңа-жыл, Жаңа-жыл
Қош келдің тағыда
Дайындалып жаңа жыр
Біз күттік сағына.

12.Марат Омар.

Аяз ата келіп тұр
Бізге сәлем беріп тұр
Сақалының ұзыны-ай

Кесіп алсам шіркін-ай.

13.

Әдемілеп біз ілген

Ойыншықтар тізілген

Қандай әсем шыршамыз

Ән шырқайық баршамыз.

Фея:

Әуеледі әніміз,

Жаңакірдісәніміз,

Ақшақардыортағаалып,

Би билейікбәріміз.

Ұлдарымыздың «аңдар»биін қарсы алыңыздар.

Барлығыбірге:

Жаңа жыл құтты болсын!







«АЛТЫН КҮЗ» мерекесіне арналған ертеңгілік

Ортаңғы «Жұлдыз» тобы

Сабақтың тақырыбы: «Күз»

Тәрбиеші: Сариева Жанар

2021ж

«Алтын күз» ортаңғы топ «Жұлдыз»

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Мерекелік көңіл-күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту.

(Балалар музыкамен залға кіреді)

- **Жүргізуші:** Армысыздар құрметті ұстаздар және «Жұлдыз» тобының бүлдіршіндері! Мінеки өлкемізге алуан түсті жапырақтарымен айналаны сары алтынға бөлеп күз де келді. Күздің келуін бәріміз асыға күттік. Ал күз бізге мол өнімін сыйға тартуда. Ендеше, алтын күзімізге арналған мерекемізді бастаймыз.

Балалар хормен: Біз сізді күтудеміз «Алтын күз»

Күз ханшайымы келеді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдерме балалар, сендер бүгін қандай әдемі болып кеткенсіңдер. Мен сендердің өнерлеріңді тамашалауға келдім.

- **Жүргізуші:** Сәлеметсізбе Күз ханшайымы келіңіз, төрлетіңіз біздің өнерлі балаларымыздың өнерлерін тамашалаңыз.

Ал балалар өнерімізді көрсетуге дайынбызба.

- Өнер десе жайнаймыз,

- Сандуғаштай сайраймыз.

- Алтын күзге арнаған

- Өнімізді шырқаймыз.

Ән «Күз тамаша»

1. Күз келіпті тамаша

Айналаға қарасақ

Сарғайған көк жапырақ

Сан жетпейді санасак.

Қайырмасы:

Күз, күз, күз

Сарғаяды даламыз

Біз, біз, біз

Жеміс жинап аламыз.

Күз, күз, күз

Күз мезгілі келгенде

Біз, біз, біз

Біз мектепке барамыз.

2. Жаңбырда көп жауады

Бұлттар көкке ауады

Жеміспенен жидектер

Толып тұр ғой бар әлі.

Қайырмасы:

Күз, күз күз

Сарғаяды даламыз

Біз, біз, біз

Жеміс жинап аламыз

Күз, күз, күз

Күз мезгілі келгенде

Біз, біз, біз

Біз мектепке барамыз.

3. Мен мұңдалап шақырады

Алтын аймақ атырап

Ағаштардан жауып тұр

Қызыл сары жапырақ.

Қайырмасы:

Күз, күз, күз

Сарғаяды даламыз

Біз, біз, біз

Жеміс жинап аламыз

Күз,күз,күз

Күз мезгілі келгенде

Біз,біз,біз

Біз мектепке барамыз.

— Жүргізуші: Балалар, күз мезгілінің ерекшеліктерін тақпақ пен айтып беріндерші.

Балалар тақпақтарын айтады.

1.Бексұлтан.

Сап-сары маңай

Сап-сары тоғай

Соңғы әнін айтып

Құс кетті қайтып.

2.Ален.

Алақай!Алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті,дән пісті

Айтамыз алғысты!

3.Айзере.

Келді міне күз

Айнала сары түс

Керемет тамаша

Қандай асем күз.

4.Амина.

Жеміс-жидек пісті

Қамбаға астық түсті

Қызу жұмыс басталып

Жинап алды жан-салып.

5.Елназар.

Жапырақ ұшты

Суық та түсті

Сонда да бізге,

Қызық көп күзде.

6.Салтанат.

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған алтын күз!
Бір уыс дән паштықта
Қап-қап қауын алдық біз.

7.Омар.

Жетті желмен алтын күз
Жеміс жинау салтымыз
Жиып теріп болған соң,
Той жасайды халқымыз.

8.Сырым.

Күздің қазан айында
Алма, алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр түседі.

Балаларға күз туралы жұмбақ жасыру:

1.Жиып-теріп болатын,
Қанбаға астық толатын
Қызыл қырман ойнайтын
Қай мезгілде болатын. Жауабы:»Күз»

2.Ызақор бұғып жатыр
Сақалы шығып жатыр. Жауабы:»Жуа»

3.Бұтағында азығы
Ортасында азығы. Жауабы:»Алма»

4.Қыста киімін тастайды
Көктемде киіне бастайды. Жауабы:»Ағаш»

Жүргізуші: Жапқандай жапырағымен айналаны,

Қуантып байлығымен халқымды
Бір қуантып қайту үшін біздерді
Сабырлы, сары алтын күз келді.

- Би: «Жапырақ биі»
- Ойын: «Жапырақ жинау ойыны»
- Мода көрсету: төрт бала
- Мақал-мәтел: Көктемде жерге түскен бір дән
- Күзде мың дән болады.
- Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, «Жұлдыз» тобының бүлдіршіндері.
- Берекелі, мерекелі жомарт күздің сыйлаған сыйы, әрбір отбасының ақ дастарханынан арылмасын біліміз аман заманымыз тыныш болсын. Бүгінгі «Алтын күз» ертеңгілігімізді көңіл қойып тыңдағандарыңызға, алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп-көп рахмет! Қош сау болыңыздар!



Қазақстан Республикасы Білім және
Ғылым Министірлігі

Бекітемін:
“Айлин” балалар
бөбекжай бақшасы
М.А. Давидбекова



“Жұлдыз” ортанғы тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы:

«Аяулы
анашым»

2021-2022 оқу жылы

Тәрбиеші: Сариева Ж.



«Аяулы анашым!» атты

8- наурыз аналар мерекесіне арналған ертеңгілік.

*Аналарды сүйеміз!
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан біз ардақтап,
Әжеге бас иеміз!
Сенен өскен балалар-
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен
Кұрметті ана, аналар!*

Жүргізуші:Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен көктемдегі құлпыраған қыздар!

Гүл көктем, ару көктем, күн көктем!

Сіздерді көктемнің алғашқы айында еліміздің барлық жерінде тойланатын 8-наурыз әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіздерге әлемнің нұрын,өмірдің гүлін,көктемнің шуағын тілейміз!Мына жарық дүниенің мәніде,сәні де сіздерсіздер!

Балалардың сіздерге арналған «Аяулы анашым» атты ертеңгілімізді қабылалыңыздар. Балалар залға көңілді ән-күймен кіреді.

Жүргізуші:Балалар қалай ойлайсындар бүгін қандай мереке?

Балалар ең асыл жан кім? \Ана\

Қызығың да,бұзығың да көтеретін кім? \Ана\

Үнемі жанында періштедей қорғаштап,демеу беретін кім? \Ана\

Сонымен бүгін қандай мейрам? \Аналар\

Осындай үлкен мейрамын да аналардың жүзіне кішке не болса да қуаныш сыйлағымыз келеме? \ Иә \

Ендеше бәріміз орынымыздан тұрып аналарға арнап ән айтамыз.

Ән«Апатайыманашым»Хор

Ақанашым, әппағым.

Өзіңжайлытақпағым.

Арналадысіздерге.

**Бар баланыңтақпағы.-дейотырасіздергеарналғантақпақтарды
қабылалыныздар!**

Адина

Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

Саян

Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған.
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ анам

Сабырбай Мариям.

Алпештеген аялаған.
Ақ сүт берген апатайым.
Салем жазып бүгін саған.
Мейрамыңмен құттықтайымын!

Рахым

Анаң болса қасында
Басқа бақыт не керек
Аналардың жүрегі
Мейірімді ғой керемет

Рахманали.

. Айналайынанашым,
Әлпештегенбаласын.
Еміпөскенбөбекпіз,
Анамыздыңмамасын.

Жүргізуші:

Аққареріп

Су көбейіп!Сайсалағатолады.

Ағаш басы бүршікатып,

Гүлбәйшешекбасады.

Балаларымайтындаршыбұлқайкездеболады?\Көктеммезгілінде\

Көктемкеледі. \балалармен ,ата-аналарменамандасады.\

Жүргізуші:Көктем ,қошкелдің ,төрлетКөктем! Бізсенікөпкүттік

!Біздіңбалалардыңкөктемніңалғашқымерекесінеқалайдайындалғанд
арыңтамашала !

Мерекегеарналадыбүгінбилер ,

Көтерілсінканекей,көңілкүйлер

Алдарыңызғақазірұлдарбиі.

Қолсоғыпдемеубереркөрермендер

Би Ұл-Қыздарымыздың «Мама» биін тамашалаңыздар

Мөлдір

Мен анамдысүйемін,

Құшағынаенемін.

Мәпелегенанамды,

Қуантсамдепкелемін.

Мустафа

Бүгінгі көктем күнінде,

Барлық адам қуанар,

Аналарды мейраммен

Құттықтайды балалар.

Нұртас

Мені жақсы көреді

Күндей күліп келеді.

Көп ертегі біледі

Маған айтып береді

.

Билал

Бәрімізге анамыз Біз
үшін күн боп жанасың
Құтты болсын мерекең
Құттықтаймын анашым!

Қазыбек

Бізді өсірген анажан.
Енбегі де зор екен.
Құттыболсынанажан!
Құттыболсынмерекен!

Тайман

Ақ қабақты анашым
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

Аделя

Құтты болсын анашым
Құтты болсын мерекең
Әр кез саған тілеймін
Ұзақ өмір жолдарын

Көктем:

Балалар сендер ойынауды жақсы көресіңдер ме? Егер сендер менің
сұрақтарыма жауап берсендер мен сендерге ойын
әкелдім, келесесіңдер ме?
Балалар көктемде қандай өзгерістер болады?
Көктем мезгілінде қай жақтан құстар ұшып келеді?

Көктем мезгілінде ең алғашқы қандай гүл шығады?
Дұрысменіңқолымдабәйшешекгүлдер, Қазір мен
бүлгүлдердіжергебесеуінқоямын,музыкаойналады,сендербилейсіңд
ер,музыкатоқталғанда тез
гүлдіжерденалукерек,кімүлгірмейдісолойынаншығады.

Көктем:Балалармініңуақытымкеліпқалды. Бырақ мен
ендіәркезсендерменбіргеболамын! Сауболыңыздар!

Жүргізуші:Тамаша,мінекөрдіңіздермебіздіңбалаларөнерліәнші,
жәнеөсіпжатқанартистер!

Бізсыйлықтыдүкененсатыпалмаймыз.

Өзөнеріміздіқолымызданжасаймыз.

Аналаркүнінебір-бірденсыйлаймыз!

Бүгінгімерекегеөздерініңқолдарыменжасағансыйлықтарынтабысету
герұқсатетіңіздер. (балаларгүлдеріменортағашығады

Аналар,әжелербіздіңұлдартекқанааналарғаемесжәнеқыздарға да
сыйлықтардайындаған,сонытабысетугерұқсатетіңіздер.

Күндеріңізтолсынгүлге, желекке

Отбасындаболсынырыс-береке

Құттықтаймызшынжүректенсіздерді

Өмір-думан, бақәкелсінмереке -

дейотырабүгінгімерекегеарналғанертеңгілігімізаяқталды,
келіптамашалағандарыңызғақөпрахмет.

